



Инфляциялық күтулер

Қазан 2022

- Күтілетін инфляцияның медианалық бағасы 18,3% дейін өсті
- Респонденттердің 59% бір жыл алдағы уақытта бағаның тезірек немесе ағымдағы өсу қарқынын күтеді
- Халықтың тұтынушылық көңіл-күйі ағымдағы жағдайды бағалаудың төмендеуіне байланысты нашарлады
- Нақты сектор кәсіпорындары тұтынушылық бағалар бойынша да, дайын өнімге де бағаның өсу қарқынының баяулауын күтуде. Бұл ретте кәсіпорындардың сандық инфляциялық күтулері рекордтық деңгейге жетті

Күтулердің сапалық бағалары сәл өсті


Бір жыл алға күтілетін инфляцияның сандық бағасы 19%¹-ға дейін өсті (а.ж. қыркүйек айында – 16,5%), бұл пікіртерім басынан максимум болып табылады.

Бағаның ағымдағы өсу қарқынының сақталуын немесе жылдамдауын күтетін респонденттердің үлесі 59% дейін өсті (а.ф. қыркүйек – 54%).


Күтілетін және қабылданатын инфляцияның медиандық бағалаулары да тарихи жоғары деңгейде

2022 жылғы қазанда күтілетін инфляцияның медианалық бағасы 18,3% (қыркүйекте – 16,9%), қабылданатын инфляция 22% дейін (қыркүйекте – 21,6%) өсті.

1-график. Күтілетін инфляцияның сандық мәні



2-график. Инфляция және медианалық бағалаулар, %




Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab, ҚР

Респонденттер азық-түлік тауарлары арасында сүт өнімдері (34%), ет өнімдері (31%) бағаларының айтарлықтай өсуін байқады. Бұл ретте қант бағасының өсуін атап өткен респонденттердің үлесі айтарлықтай төмендеді (38%-дан 28%-ға дейін). Респонденттердің айтарлықтай бөлігі өсімдік майы (29%), нан өнімдері, жарма және макарон өнімдері (әрқайсысы –25%) бағасының өсуін атап өтті.

3-график. Жиі аталатын тауарлар мен қызметтер

қыр.22-қаз.22

(бір жыл алдағы уақытта бағаның өсуін күтетін респонденттердің %)



Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab


Тұтынушылардың көңіл-күйі нашарлады, атап айтқанда қазіргі және болашақ жеке қаржылық жағдайға қатысты

Тұтынушылардың көңіл-күйі индексі 2022 жылғы қазанда айтарлықтай нашарлады және 100,1 құрады (2022 жылғы қыркүйекте – 105,1).


Атап айтқанда, соңғы жылдағы жеке қаржылық жағдайды бағалау айтарлықтай нашарлады (индекс 79,1-ден 62,9-ға дейін төмендеді). Сонымен қатар, ірі тауарлар сатып алуларға дайындық өсті (индекс 81,1-ден 85,8-ге дейін өсті), бірақ теріс аймақта қалуын жалғастыруда.

Экономикалық дамудың ұзақ мерзімді бағалаулары жақсарды (алдағы 5 жылға), ал қысқа мерзімді бағалаулар (алдағы 1 жылға) төмендеді (121,7-ден 119,5-ке дейін). Алдағы жылдағы жеке жағдайдың өзгеруін бағалау айтарлықтай нашарлады (индекс 110,0-ден 98,8-ге дейін төмендеді), 2016 жылдың басындағы минимумға жақындады.


4-график. Тұтынушылық көңіл-күй индексі ²



5-график. Ағымдағы жағдай бағалаулары



6-график. Күтулер бағалаулары




Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab

Кәсіпорындар инфляциялық күтулердің оң сигналдары

Кәсіпорындардың инфляциялық күтулерге жауаптарының балансы бағаның өсуінің баяулауын көрсетеді. Олардың бағалауында ең оптимистік болып «ақпараттық-коммуникация» секторының кәсіпорындары табылады, ал құрылыс бойынша күтулер бұрынғы деңгейде қалды.

7-график. Кәсіпорындардың алдағы 12 айдағы инфляциялық күтулері, жауап балансы³




Дереккөз: Нақты сектор кәсіпорындарының мониторингінің нәтижелері, Ұлттық Банк Кәсіпорындарға пікіртерім тоқсан сайын жүргізіледі

Дайын өнім бағасының баяу өсуі

Кәсіпорындарға жүргізілген пікіртерім 2022 жылдың 3 тоқсанында дайын өнім (тауарлар, жұмыстар, қызметтер) бағасының өсу қарқыны бәсеңдегенін көрсетті. 2022 жылдың 4 тоқсанында бизнес бұл үрдіс жалғасады деп күтеді.


8-график. Кәсіпорындардың дайын өнім бағасының өзгеру динамикасы, диффузиялық көрсеткіш⁴



Кәсіпорындардың инфляциялық күту динамикасы тарихи максимумға жетіп, өсу қарқынын бәсеңдетеді

Кәсіпорындардың инфляциялық күтулері рекордтық деңгейге жетті. Сонымен қатар, кәсіпорындардың инфляциялық күтулерінің өсу үрдісіне қарамастан, олардың өсу қарқыны баяулады. Алдағы жылға инфляциялық күтулер 2022 жылдың 4-тоқсанында 1,5 пайыздық тармаққа өсті, ал тоқсан бұрын күтулер бірден 4,8 пайыздық тармаққа өсті.

9-график. Инфляционные ожидания предприятий (квантифицированные)



Дереккөз: Нақты сектор кәсіпорындарының мониторингінің нәтижелері, Ұлттық Банк Кәсіпорындарға пікіртерім тоқсан сайын жүргізіледі

ЕСКЕРТПЕЛЕР

1 Инфляциялық күтулердің квантификацияланған мәнін есептеу әдістемесі Ұлттық Банктің интернет-ресурсында орналастырылған

2022 жылғы қаңтардағы инфляциялық күтулердің сандық бағасы/медианалық бағалау жарияланбады, өйткені 2022 жылғы қаңтардағы сауалнама нәтижелеріне елдегі қаңтардағы оқиғаларға әсер етті, бұл үлгінің аз мөлшеріне және алдыңғы деректермен сәйкес келмеуіне әсер етті

Қабылданатын инфляцияны медианалық бағалау: сіздің ойыңызша, соңғы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қанша өсті? сұрақ нәтижелері негізінде есептелген. Күтілетін инфляцияны медианалық бағалауы - «Сіздің ойыңызша, келесі 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қанша өседі?»

2 Тұтыну көңіл-күйінің индексі: жеке индекстердің орташа мәні-соңғы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі; жақын жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі; жақын жылдағы елдің даму перспективалары; жақын арадағы 5 жылдағы елдің даму перспективалары; ірі сатып алулар.

Ағымдағы жай-күй индексі: жеке индекстердің орташа мәні-соңғы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі; ірі сатып алу индексі.

Тұтынушылық күтулер индексі: жеке индекстердің орташа мәні-таяудағы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі; таяудағы жылдағы елдің даму перспективалары; елдің таяудағы 5 жылдағы даму перспективалары.

Сандық мән – бұл оң және теріс жауаптардың + 100 арасындағы айырмашылық ретінде есептелетін жауаптардың балансы. Индекс мәндері 0-ден 200-ге дейін өзгеруі мүмкін. 100 – ден жоғары мән оң бағалардың, 100-ден төмен теріс бағалардың басым екендігін көрсетеді

3 Жауап балансы- өсу мен төмендеуді күткен респонденттердің үлесі арасындағы айырмашылық
Есептеу = $1 * W$ (бағаның жылдам өсуі) + $0,5 * W$ (ағымдағы жағдайдағы бағаның өсуімен бірдей) - $0,5 * W$ (бағаның өзгермеуі) - $1 * W$ (бағаның төмендеуі) -100-ден (барлық жауаптар: "төмендейді") +100-ге дейін өзгеруі мүмкін (барлық жауаптар: "қазіргіден тезірек өседі")

4 Диффузиялық индекс (ДИ) оң жауаптардың қосындысы және жауаптардың жартысы өзгеріссіз есептеледі. ДИ қарастырылып отырған көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпыланған индикатор болып табылады. 50-ден жоғары мән өсуді білдіреді, 50 – ден төмен-төмендеу. 50-деңгейден ДИ мәні неғұрлым алыс (жоғары немесе төмен) болса, көрсеткіштің өзгеру (ұлғаю немесе азаю) қарқыны соғұрлым жоғары болады. Респонденттердің саны: 3 336 кәсіпорын. Маусымдық-тазарылған деректер. Кәсіпорындар сұраққа жауап берді: "Сіздің кәсіпорынның дайын өнімінің сату бағасы қалай өзгерді/өзгереді?"

* 2022 жылдың 4 тоқсанында кәсіпорындардың күтулері келтірілген